

ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ҮНИВЕРСИТЕТІ

№37 (1707)

4 ЖЕЛТОҚСАН

2018 ЖЫЛ

Аптаалық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасы эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты тақырыбында ашық сабақ өтті.

Ашық сабақ 2 курс магистранты Г.Ғалымқызы кафедра меңгерушісі б.ғ.д., профессоры С. Төлеухановтың басқаруымен өтті. Сабақ барысында қыз тәрбиесінің өзектілігімен қоса, оның жасқа сай физиологиялық ерекшеліктері айтылып, қай жаста қызды қалай тәрбиелеу керектігі жайлы ғылыми фактілер түсіндіріліп, студенттер өз ізденімпаздықтарын көрсете білді. Сонымен қатар, қазіргі таңда аса өзекті мәселеле болып табылатын кейбір «сылқым», «еркекшора» және қарапайым қыздардың рөлдерін ғылыми биология мамандығының 3 студенттері Н.Еркенова, А. Нұрлан, А. Лесбек сомдап, сауалнама түрінде көрініс қою арқылы қыз бойындағы оғаш қылықтарды әзілмен жеткізе білді.

Ана мейлі қасымызда болсын, мейлі, тіпті, жырақта болсын—оның сылдырлаған дауысын, мөлдіреген көзін, ыстық есімін, жылы сөзін, мейірімділікке толы суретін көргенде, жүрегімізде жылулық орнап, санамыз жайланып, көңіліміз көтеріліп, өзімізге деген қамқорлықты, мейірімділікті сезініп, өмізге деген сеніміміз оянып, өмірге деген құштарлығымыз, құлшынысымыз артады. Қай жерде болмасак та, ана дегенде, ол үшін қолымыздан келгенді жасағымыз келіп, жан беруге дайын тұрамыз, ол солай болуы міндетті де! Өкінішке орай, кейбір балалардың анаға деген махаббаты жеткіліксіз. Оны барынша құрметтеп, сыйлау әрбір баланың парызы.

Осы күнде қандай биікті бағындырсақ та, қандай жетістікке жетсек те, қазір қандай жағдайда, қандай күйде болсақ та — ол ең бірінші ананың, екінші әкенің, одан кейін барып ұстаздардың аркасында, себебі, сол ұстазды тындауды, сыйлауды - біз ең бірінші ана тәрбиесі арқылы үйренеміз. Осының өзінен өмірде ана алақанының қызуы мен мейірімін ештеңе баса алмайтынына көзіміз жеткендей, тіпті, бұл сөзге осыдан жарты ғасыр бұрын ғалымдар жүргізген тәжірибе де мысал бола алады. Ғалымдар аналарынан айрылған маймыл балалар үшін екі қуыршақ маймыл ана

жасап, бірінің омырауынан сүт шығатын, денесі қатты да суық етіп, екіншісінің омырауын сүт шықпайтын, бірақ денесін жылы да жұмсақ етіп жасаған екен. Маймыл балалары сүті бар денесі қатты қуыршақты емес, сүті жоқ болса да, денесі жұмсақ қуыршақты ана ретінде қабылдап, соның бауырына тығылған. Міне, сонда кімге болса да бәрінен бұрын керегі мейірім, ана құшағы ғана.

«Ана—үйдің берекесі, қызбаланың өнегесі, шаруаның несібесі. «Анасын көріп қызын ал», демекші бұл мәтелде де қыздан гөрі ананы алға қою арқылы сипаттаған. Ана тәрбиесі жақсы болса, қыз еш уақытта жаман қылықтарға бой алдырмайды. Ана болу — үлкен рухани күш пен ерен еңбек»,—деп 3 курс студенті А. Нұржан студенттерге өз пікірін білдірді. «Анадан алып та туады, батыр да туады, ғалым да туады, жақсы да туады, жаман да туады. «Неге?»,- деген сұрақ туындайды. Себебі, бала тәрбиесі бесіктен басталады. «Ел болам десең, бесігінді түзе»-деген сөз бекерден бекер айтылмаған. Қыз бала дүниеге келгенде бұрынғы ата-бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Неге десеңіз, ол болашақ - ана! Қызды қонақ, жат жұрттық деп төріне отырғызып сыйлаған, үлкендердің алдынан кесе көлденең өтпеуге, ғайбат сөз айтпауға, үй тіршілігіне икемдеп, инабатты болуға тәрбиелеген. Қыздарын қылықты, ұлдарын ұлықты қылып өсірген. Ал, қазір ше?! Өмірге бала әкелгеннің бәрі ана ма? Сол ана деген атқа лайық па?-деген сұрақтар мазалайды. Әрине көпке топырақ шаша алмаймын, дегенмен де жеңіл жүрісті көкек аналарымыз көбейіп кетті. Өзі тәрбиеге көнбеген адам, перзентіне қандай тәрбие береді? Достар, жас ұрпақ, болашақ аналар, «Ана» деген атқа лайық болуды ұмытпайық!

**Г. АТАНБАЕВА,
Н. АБЛАЙХАНОВА,**

*биофизика және биомедицина кафедрасының
аға оқытушылары*

